

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігі жанындағы нашақорлықпен және есірткі бизнесімен күрес жөніндегі Ведомствоаралық комиссия құру туралы.

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2004 жылғы 16 наурыздағы N 49 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2004 жылғы 1 сәуірде N 1202 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2007 жылғы 12 сәуірдегі N 99 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2007.04.12 N 99 Қаулысымен

Нашақорлықтың алдын алу және есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы әрекеттер жөніндегі мемлекеттік органдардың қызметтерін үйлестіру мақсаттарында облыс әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі жанынан (ілгеріде Комиссия) қосымшаға сәйкес құрамда нашақорлықпен және есірткі бизнесімен күрес жөніндегі Ведомствоаралық комиссия құрылсын. Нұсқалған Комиссияның дербес құрамы бекіту үшін облыстық мәслихатқа жіберілсін.

2. Комиссия туралы қоса берілген Ереже бекітілсін.

3. Нұсқалған консультативтік-кеңес органы өз қызметін Конституцияға, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына, бекітілген Ережеге сәйкес жоспарлы негізде жүргізілсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Е.Е.Нұрақаевқа жүктелсін.

Облыс әкімі

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің
2004 жылғы 16 наурызда N 49 қаулысымен
б е к і т і л г е н

"Солтүстік Қазақстан облысы
әкімдігінің жанындағы нашақорлықпен
және есірткі бизнесімен күрес
жөніндегі Ведомствоаралық
комиссия құру туралы"

**Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігі жанындағы
нашақорлықпен және есірткі бизнесімен күрес
жөніндегі Ведомствоаралық комиссия құрамы**

Н ұ р а қ а е в Ерік Есімұлы	- облыс әкімінің орынбасары, төрағасы
М е н ь ш и х Александр Валентинович	- облыстың ИБ бастығының бірінші орынбасары, төраға орынбасары
А я ж а н о в Қырым Мұқажанұлы	- облыс әкімі аппараты әкімі мемлекеттік-құқықтық бөлімінің бас маманы, комиссия хатшысы
Комиссия мүшелері	
Б и к е н о в Рүстем Төлегенұлы	- мәдениет басқармасының бастығы
Б а л т а б а е в а Ғалия Қазетайқызы	- еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау департаментінің бастығы
В о р о н ц о в а Наталья Геннадьевна	- денсаулық сақтау департаментінің бастығы
Д а й ы р о в Амангелді Алтайұлы	- туризм және спорт басқармасының бастығы
Д і н к е н о в а Сайран Әбілқайырқызы	- білім департаментінің бастығы
Д е р м а н о в с к и й Анатолий Иванович	- Солтүстік Қазақстан облысы бойынша қаржы полициясы департаменті бастығының бірінші орынбасары (келісім бойынша)
Ж ұ м а б а е в а Мара Мәскенқызы	- ақпарат басқармасы бастығының орынбасары (келісім бойынша)
Ы б ы р а е в Сабыр Есмағұлұлы	- Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің тәрбие жұмысы жөніндегі проректоры (келісім бойынша)
И в а н о в Денис Олегович	- жастармен жұмыс жөніндегі облыстық комитет бастығы
Қ а с е й і н о в Қуандық Әскерұлы	- ішкі саясат департаментінің бастығы
Қ а с ы м о в Сәрсенбай Орымбайұлы	- Солтүстік Қазақстан облысы әділет департаменті бастығының орынбасары (келісім бойынша)
Н ұ р ғ о ж и н Ерғали Әлібайұлы	- Солтүстік Қазақстан облысы бойынша ҰҚК департаменті бастығының бірінші орынбасары (келісім бойынша)
Ш ә й к е н о в Болатбек Есләмбекұлы	- Солтүстік Қазақстан облысы бойынша кедендік бақылау департаменті бастығының орынбасары (келісім бойынша)

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің
2004 жылғы 16 наурызда N 49 қаулысымен
б е к і т і л г е н
"Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің

жанындағы нашақорлықпен және есірткі бизнесімен күрес жөніндегі Ведомствоаралық комиссия құру туралы"

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігі жанындағы нашақорлықпен және есірткі бизнесімен күрес жөніндегі Ведомствоаралық комиссия туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ереже

1. Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігі жанындағы нашақорлықпен және есірткі бизнесімен күрес жөніндегі Ведомствоаралық комиссия консультативтік-кеңес органы болып табылады. Өңірде нашақорлықпен және есірткі бизнесімен күрес саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру жөнінде мемлекеттік органдардың қызметтерін ведомствоаралық үйлестіруді қамтамасыз е т у ү ш і н к ұ р ы л д ы .

2. Комиссия өз қызметін Конституцияға , қолданыстағы заңнамаларға, Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 16 мамырдағы N 394 Жарлығымен бекітілген, 2001-2003 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы нашақорлықпен және есірткі бизнесімен күрес стратегиясына және облыстық мәслихаттың 2000 жылғы 27 қазандағы облыстық мәслихаты YII сессиясының N 7/3 шешімімен бекітілген 2001-2005 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысының нашақорлықпен және есірткі бизнесімен күрестің өңірлік бағдарламасы және осы Ережеге сәйкес жүзеге а с ы р а д ы .

3. Комиссия өз құзыретіндегі мәселелер бойынша комиссия хаттамасымен ресімделетін, қаралатын мәселелердің сипаты мен мазмұнына қарай ұсынымдарды пысықтайды, қорытындылар береді.

4. Комиссия облыс әкімінің орынбасары болып табылатын төрағадан, төраға орынбасарынан, босатылған хатшыдан облыс әкімі аппаратының мемлекеттік-құқықтық бөлімінің бас маманынан және комиссия мүшелерінен т ұ р а д ы .

5. Комиссия мүшесі лауазымы бойынша ҰҚК, қаржы полициясының, кедендік бақылаудың, әділет департаменттерінің, ақпарат басқармасы (келісім бойынша), облыс ПБ-ның заңсыз есірткі айналымымен күрес мәселесіне жетекшілік ететін бастық орынбасарлары, Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің проректоры, денсаулық сақтау, білім, еңбек, жұмыспен қамту

және халықты әлеуметтік қорғау, ішкі саясат департаменттерінің, мәдениет, туризм және спорт басқармаларының бірінші басшылары болып табылады. Сондай-ақ Комиссия мүшесі басқа да лауазымдық тұлғалар, облыстық мәслихаттың депутаттары, үкіметтік емес ұйымдардың, қоғамдық бірлестік өкілдері мен жекелеген азаматтар бола алады.

2. Комиссияның негізгі міндеттері мен функциялары

6. Комиссияның негізгі міндеттері мыналарға жәрдемдесу болып табылады:

1) нашақорлықпен және есірткі бизнесімен күрес жөніндегі бірегей саясатқа негізделген өзара байланысты бара-бар шаралар кешенін жүзеге асыру кезінде жаңа тәсілдерді әзірлеу;

2) облыстағы нашақорлықпен және есірткі бизнесінің таралуына, нашақорлықтың және есірткі қылмысының алдын алу, есірткіге тәуелді тұлғаларды емдеу және сауықтырудың тиімді мемлекеттік және қоғамдық қарсы әрекеттер жүйесін құру және нығайту.

3) облыс халқында әлеуметтік нашақорлыққа қарсы иммунитет қалыптастыру

7. Жүктелген міндеттеріне сәйкес мыналар бойынша ұсынымдар әзірлеу Комиссия функциясы болып табылады:

1) есірткілік құралдар, психотроптық заттар, прекурсорлар айналымы және олардың заңсыз айналымына және оларды шектен асыра қолдануға қарсы әрекеттер саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру;

2) нашақорлықпен және есірткі бизнесімен күрестің, есірткінің ашық және жасырын айналымына мемлекеттік бақылауды күшейтудің негізгі бағыттарын анықтау;

3) есірткінің заңсыз айналымына қарсы әрекеттер механизмін, есірткіні асыра қолданатын тұлғаларды дер уақытында анықтауды, оларды емдеу және әлеуметтік сауықтыруды одан әрі жетілдіру және жүзеге асыру;

4) бұл істе мемлекеттік органдарды, бұқаралық ақпарат құралдарын, оқу орындарын, медициналық, мәдени спорттық мекемелерді, үкіметтік емес ұйымдарды, қоғамдық бірлестіктер мен халықты белсенді қатыстыру арқылы нашақорлықтың және есірткінің заңсыз айналымымен байланысты қылмыспен күрес тиімділігін арттыру;

5) нашақорлық және есірткі бизнесінің алдын алу және күрес жөніндегі халықаралық және өңіраралық ынтымақтастық мәселелері;

3. Комиссияның өкілеттігі

8. Комиссия өзінің негізгі міндеттерін жүзеге асыру және функцияларын жүзеге асыру барысында мыналарға құқылы:

1) атқарушы, құқық қорғаушы және басқа мемлекеттік органдардан, үкіметтік емес ұйымдардан және қоғамдық бірлестіктерден өз құзыреті шеңберінде Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілерін, Стратегияларын, мемлекеттік және өңірлік бағдарламаларын, сондай-ақ нашақорлықпен және есірткі бизнесімен күрес жөніндегі өз іс-шараларын жүзеге асыру туралы ақпараттар сұрауға және алуға;

2) нашақорлыққа қарсы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру жөніндегі жұмысқа қатысатын мемлекеттік органдардың, үкіметтік емес ұйымдардың және жұртшылықтың қызметтерін жетілдіру жөнінде ұсынымдар енгізуге;

3) мемлекеттік органдардың, үкіметтік емес ұйымдардың, қоғамдық бірлестіктердің лауазымды тұлғаларының есептерін тыңдауға;

4) облыс әкімінің, облыстық мәслихат сессиясының жоғары тұрған мемлекеттік органдардың қарауына нашақорлықпен және есірткі бизнесімен күрестің айрықша өзекті мәселелерін қарауға және осы саладағы мемлекеттік саясатты жетілдіру жөнінде ұсынымдар енгізуге.

9. Комиссия мыналарға міндетті:

1) олардың құзыретіне енетін олармен қолданыстағы заңнамаларға сәйкес функцияларды жүзеге асыру кезінде онымен қызметтерін үйлестіретін мемлекеттік органдардың дербестік сақтауын қамтамасыз етуге;

2) облыс әкімінің және облыстық мәслихаттың алдында өзінің қызметтері, облыстағы нашақорлық жағдай және оны жақсарту жөніндегі шаралар туралы есеп беруге.

4. Комиссияның жұмысын ұйымдастыру

10. Комиссияның дербес құрамы облыс әкімінің ұсынымы бойынша облыстық мәслихатпен бекітіледі.

11. Комиссия өз құрамында кіші комиссия, кеңес, жұмыс топтарын құра алады.

12. Комиссияның жұмысы алқалық және жеке жоспар бойынша жариялылық негізде құрылады.

13. Комиссия өз жұмысын мемлекеттік, құқық қорғау органдарының, үкіметтік емес ұйымдардың, басқа да қоғамдық бірлестіктердің осы ережемен нұсқалған міндеттер мен функциялардың мазмұны және нашақорлықпен және есірткі бизнесімен күрес Стратегиясында Мемлекеттік және өңірлік бағдарламалармен көзделген негізгі іс-шаралар негізінде үйлестіреді.

14. Комиссия өзінің кезекті отырысын кемінде тоқсанына бір рет өткізеді.

Отырыс комиссия мүшелерінің жартысынан астамы болған жағдайда заңды деп саналады. Кезектен тыс отырыстар комиссия төрағасының - облыс әкімінің бастамашылығы бойынша немесе комиссия мүшелерінің жалпы санының жартысынан астамының бастамашылдығымен шақырылады.

15. Комиссия төрағасы:

- 1) комиссия қызметін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді және оның жұмысына басшылық етеді;
- 2) комиссияның құзыретіне енетін мәселелер бойынша мемлекеттік, құқық қорғау және басқа органдармен, үкіметтік емес ұйымдармен, қоғамдық бірлестіктермен және азаматтармен байланысты іс-қимыл жасайды.
- 3) комиссияның қызметі үшін облыс әкімі, сәйкес жоғары тұрған органдар алдында есеп береді.
- 4) осы Ережемен көзделген басқа да өкілеттіктерді іске асырады.

16. Комиссия мүшелері мыналарға құқылы:

- 1) аталмыш алқалық органның құзыретіне жататын мәселелерді комиссияда қарау кезінде кеңестік дауысқа;
- 2) комиссия қабылдаған шешіммен келіспеген жағдайда жазбаша түрде комиссия төрағасы назарына жеткізе отырып, өзінің ерекше пікірін білдіруге;
- 3) комиссия төрағасының рұқсатымен мемлекеттік органдар, үкіметтік емес ұйымдар, қоғамдық бірлестіктердің лауазымдық тұлғаларынан нашақорлықпен және есірткі бизнесімен күрес жөніндегі Президент және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерін, Мемлекеттік және өңірлік бағдарламаларды, өз іс-шараларын талап етуге;
- 4) комиссия төрағасының тапсырыстары бойынша басшылық құрамының, мемлекеттік органдар, ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктер ұжымының мәжілістеріне, отырыстарына, жиналыстарына қатысуға;
- 5) комиссия төрағасының тапсырмаларын орындауға міндетті.